

«Балық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы» ЖШС
қызметкерлері жиналысының хаттамасы

Кәсіби этика стандарттарын сақтау

Алматы қаласы

2026 жылғы 14 мамыр

Өтетін орны: конференц-зал.

Уақыты: 10:30.

Комплаенс қызметі кәсіби қызметте этикалық нормаларды сақтау
мәселесі бойынша жиналыс өткізді.

Күн тәртібі:

1. Этикалық нормаларды сақтау туралы ақпарат беру.

Жиын барысында барлық қызметкерге кәсіби этиканы сақтау, заңдылық, адалдық және объективтілік қағидаттарын басшылыққа алу, сондай-ақ азаматтар мен әріптестерге құрметпен қарау талаптары еске салынды.

Ұйымымыздың беделіне нұқсан келтіруі мүмкін әрекеттерден аулақ болу туралы айтылды. Кәсіби қарым-қатынас стандарттарын, жұмыс орнындағы тәртіпті және жалпы қабылданған мінез-құлық ережелерін сақтау туралы ескертілді.

Комплаенс қызметі